

1 2010  
21854к



СЫРДАРИЯ КИТАПХАНАСЫ

ТӨЛЕУБАЙ ҮРКІМБАЕВ  
АСКАР КОЖАХМЕТОВ




ШЫГАРМАЛАРЫ





ТӨЛЕУБАЙ ҮРКІМБАЕВ



АСКАР КОЖАХМЕТОВ



“МӘДЕНИ МҰРА”  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КІТАП СЕРИЯЛАРЫ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ТҮНҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ  
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫГАРЫЛДЫ

*Біз өзіміздің ағы-бергі  
ата-бабаларымыздың жүздеген  
бұнының қалдырган өситетін ақтап,  
мұраларын сақтап, молайта беру  
жолында топтасуға тиіспіз.*

*Н.Ә. Назарбаев*

## **Редакция алқасы**

---

**Бердібаев Р., төрага**

**Алматов А.**

**Досжан Д.**

**Кәрібозұлы Б., жауапты редактор**

**Қасқабасов С.**

**Қоңыратбаев Т.**

**Момышбаев Б.**

**Оразбай И.**

**Оспан С.**

**Пірназар С.**

**Рахымбекұлы Ә.**

**Сейсекеева К.**



СЫРДАРИЯ КИТАПХАНАСЫ

---

КЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫН ӘКІМДІГІ  
КОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ  
КЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

---

ТӨЛЕУБАЙ ҮРКІМБАЕВ  
АСКАР КОЖАХМЕТОВ



## ШЫҒАРМАЛАРЫ

ӨЛЕҢ-ТОЛҒАУЛАР, СЫН-СЫҚАКТАР МЕН АЙТЫСТАР

“ФОЛИАНТ” БАСПАСЫ  
АСТАНА-2009

УДК 821.512.122 ✓

ББК 84 Қаз 7

Y-79

*Kitap Корқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік  
университетінің жаңындағы «Халықаралық Корқыт Ата мұраларын  
ғылыми-зерттеу орталығы» қоғамдық бірлестігіндегі дайындалып,  
баспаға университет Фылыми Кеңесінің шешімімен ұсынылды*

**Пікір жазғандар:**

**Ә. Рахымбекұлы** – ақын, Қазақстан Жазушылар одағының  
мүшесі;

**А. Сақышұлы** – филология ғылымдарының кандидаты

**Y-79** **Үркімбаев Төлеубай, Қожахметов Асқар.**


**Шығармалары. Өлең-толғаулар, сын-сықақтар мен  
айтыстар.** – Астана: Фолиант, 2009. – 344 б.

**ISBN 9965-35-747-1**

«Сырдария кітапханасы» көптөмдігінен құрамында  
Төлеубай Үркімбаевтың «Замана жыры» және Асқар  
Қожахметовтың «Майдангер» жыр жинақтары беріліп отыр.  
Жыр жинақтарының аттары айқындаپ тұрғанындей, екі ақын  
да өздерінің өмір сүрген кезеңінің келбетін, оның қындықтары мен қайшылықтарын, жетістіктері мен жемістерін өрелі  
өлең жолдарына түсіріп, тебірене толғайды. Ширыққан жыр  
шумактарынан сол дәуірдің өмір өрісін, тіршілік тынысын  
тануға болады.

Жыр кітабы қалың оқырман қауымға арналған.


**Y 4702250206  
00 (05) 09**



**УДК 821.512.122  
ББК 84 Қаз 7**


**ISBN 9965-35-747-1**

© Үркімбаев Төлеубай,  
Қожахметов Асқар, 2009  
© «Фолиант» баспасы, 2009



Төлеубай Үркімбаев

## ЗАМАНА ЖЫРЫ



## ЗАМАНЫН ЖЫРЛАҒАН АҚЫН

Халық ақыны Төлеубай Үркімбаев 1898 жылы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының Төрткүл ауылында, екінші бір деректе Жалағаш ауданының қазіргі Бұқарбай батыр ауылында туған делінеді. Төкеннің қармақшылық ақын Б. Қасқырбаев-пен (1945 ж.) айтысында:

*Қармақши мен де туган жерім еді,  
Өзімді ерке өсірген елім еді.  
Қамыстан ат мініп асыр салған  
Төрткүлдің төбешігі дөңім еді, –*

деуі тегін болмаса керек. Екіншіден, Ұлттық академияға 1946 жылы жазған өмірбаянында Қармақшыда тудым депті. Ал, Бұқарбай батыр ауылындағы туыстары арасына 1926-1928 жылдары келген сияқты.

Т. Үркімбаев өзінің 1898 жылы Қармақшыда туғанын айта отырып, ақындық жолға түсуін былайша қағазға түсіріпті: «Ешбір ақыннан бата алғаным жоқ, үйреніп талаптанбаса, құрғақ батамен ешкім көркейте алмас еді. Өзім кісі есігінде жалшы болдым, жоқшылықты басымнан кешірдім, тартпаған бейнет, азабым аз шығар. Осындай ауыр жұмыста жүрсем де, аз-мұз сауатымның арқасында бұрынғы дастан-жырларды оқып, көп жаттадым, өзбек, татар өлеңдерін де жаттап білдім. Көп бейнет, азап ақыры мені жеңіп, қатты аурудан кейін 1924 жылдан бері екі құлағым керең болып қалды. Бірақ үкімет мені да-лаға тастаған жоқ. Менің ақындық талантыма кең өріс берді.

Ендігі бар көсібім – газет-журналдарды оқып, өлең шығарып, жаттап айту болды. Колхоз жұмысына белсене араласып, бай-құлактарға қарсы өлең-жырларды көп шығардым. Газеттер де сөзімді басып келеді. Ақындық жолға үйреніп, талаптанумен жеттім», – деп өзі туралы ашығын жазған екен.

Ақынның өзі жазғандай, Сыр сүлейлерінің жырларын, теңіздей толқыған назым сөздерді жаттаң өсіп, «талаптың мініп тұлпaryн» өзі де өлең шығара бастаған. Алғашқы өлеңі 1929 жылы «Сыр бойы», кейіннен ашылған Қармақшы, Жалағаш аудандарының газеттерінде жарияланған бастайды. Халық өлең-жырларынан нәр алған Т. Үркімбаев колхоз құрылышы, алғашқы социалистік дәуірді қуана қарсы алып, еңбеккерлерді сол дәуірді жақсартуға шақыра үндеп жырлаған.

Ақын қаламынан (1925-1958 жж.) сол кезеңнің тарихи шындығы мен болмысын көреміз. Жақсылық пен жамандық, адальдық пен арамдық, жатыпшер жалқаулар, саудадағы былықтар, колхоз ісіндегі оралымсыздықтардың бәрі де Төкең қаламынан таса қалмаған.

«Социалды Қазақстан» газетінде (1935 жылғы 12 желтоқсан) Ә. Аталықов өзінің «Талант» атты мақаласында Т. Үркімбаевтың шығармашылығына талдау жасай отырып, оның ақындық дәрежесіне өділ баға береді.

«...Әттең, науқастықтан самсаған қолдан, шаршы топтан озатын жүйріктің аяғына ақау түсіріпті. Бірақ Төлеубай ақын тәсек тартып қалса да, қолынан қаламы түсіп көрген емес, дәуірдің ұлан-асыр дүбіріне үн қосқан ақын», – деп жазыпты. Шынында да ақынның өрбір өлеңінен дәуір шындығының бетпердесін көреміз. Ақынның өз сезімен айтсақ:

*...Колхозшыга дем беріп,  
Екпінгे екпін жел беріп,  
Білгенімді айтып ем.  
Қазылып жатқан арықты,  
Шауып жатқан халықты  
Жагалап өтіп қайтып ем, –*

деп, өзінің қалың қалықпен бірге болғанын айтады.

Ол 1932 жылы партия қатарына (большевиктер) өтсе, 1939 жылы КСРО Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданған. Ақын жырлары сан тақырыпта бірде өзі көрген күнделікті күйкі тіршіліктен сез қозғаса, енді бірде Абай, Жамбыл сияқты жыр дүлдүлдеріне арнау шығарған. Ауылға келген қуатты трактор үніне өлеңімен үн қосады, сынау хақында «Ат пен трактор», «Айымкүлге», «Оспан ағайға», т.б. сынға құрылған өлең-жырлары бар. Кей уақытта саяси тақырыпқа бой үрш, Трумэн, Черчилльдерді түйреп өткен.

Ақын өлеңдерінің тағы бір ерекшелігі: бұрынғы кездерде шыққан «Алпамыс», «Қобыланды батыр» жырларындағы кездесетін теңеулерді оқимыз. Төкенінің «Трактор күйі» атты өлеңінде:

...Ойлау жерден ыргытып,  
Сыргып кетіп барады.  
Қырлау жерден қарғытып,  
Іргып кетіп барады, –

десе, «Ұры» атты сықағында:

...Жолдастар-ау, бұл жұмыс  
Сүмдүк емей немене?!

Істеп жатқан мынау іс  
Ұрлық емей немене?!

деп екпіндете толғаған.

Төлеубай Үркімбаев – қысқа толғау-жырларымен қатар айтыс ақыны. 1944-45 жылдары Қызылорда қаласында өткізген облыстық айтысқа қатысып, жүлдеге ақ боз үй алыш, ат мінген.

Т. Үркімбаевтың ақындық өнері жоғары бағаланып, Қазақстан Республикасының 15 жылдығына орай (1935 ж.) арнайы белгімен, 1945 жылы «Құрмет Белгісі» ордені және «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталады.

Ақын өмірі өлеңімен өрілді: өлең оған қанат бітірді, биіктеге көтере білді. Шынында да оның өмірі өлең болатын.

Ақынның өкшелес інісі жырау Ақмырза Тұяқбаев өзінің естелігінде: «Т. Үркімбаевпен мен 1943 жылы барып таныстым. Бұл кезде ол кісі Жалағаш ауданының Қызыл ту колхозында тұратын. Ойын-сауық қойып жүріп, сәлем бермей кетпейтінбіз. Сол жылды әйелі Алмагул Ермаканқызы босанып (1943 жылды айтып отыр), құтты болсын айтуға Нартай, Әлібек, Күндейбай-лармен барғанымызда, өзі сері адам біздерді күлдіріп отырды. Сөз арасында Төкен: «Мына жас нәресте бірде аузын ашады, бірде жабады, біз оның күліп не жылап жатқанын білмейміз, екеуміз де саңыраумыз», – деп күлдіре түсіпті. Осы жолы күлдіргі ақын Күндейбай сәбидің аузына түкіріп, Нартай: «Төкен отбасына қуаныш келді ғой», – деп жас сәбиге Қуанышбай деп ат қойыпты. Сол Қуанышбай ат жалын тартып азамат болып, әке мұраларын талмай іздең жүр.

Төкенең үқсан қолына қалам ұстаған туған інісі Ауқат Ысмайлов былай дейді: «...Аға 1916-1920 жылдар арасында әскердің қара жұмысында, Жосалы, Жалағаш стансаларының темір жолында жұмыс істеді. Көп оқып, көп жазатын. Тағдыр салған тауқыметке өлеңімен күресті».

«Ақындарға арнау» атты өлеңі төрт аяғын тен басқан, үрпаққа өнеге тастар жалынды үн болған. Оның мәні бүгін де өшкен жок.

*...Үрпақтарға кейінгі  
 Өшпейтін мұра жасайық.  
 Қазіргі күшке күш қосып,  
 Табысқа табыс қосайық.  
 Табыс жақты жырласақ,  
 Тау сүндай тасайық.  
 Кемшилікке келгенде,  
 Кесірдің бойын өсірмей,  
 Кесе бұқтеп басайық, –*

деп ақындарға шабыт бере жырлаған. Төлеубай Үркімбаев қармақшылық Бисенбай Қасқырбаев, қазалылық Байназар Өтеповтермен айтысқа түскен, айтыс өнерінің өркендеуіне көп үлес қосқан. Ақынның 80 жылдығында туған ауылы мен Жалағаш ауданы орталығының бір көшесіне Т. Үркімбаев есімі берілген.

Өз заманының жоқшысы болған, халық сезін айтқан ақын Төлеубай Үркімбаевтың шығармашылығы жөнінде өдебиетші, ғалымдар: Есмағамбет Ысмайлов, Мардан Байділдаев, Зияда Ижанов, Ауқат Ысмайлов және осы жолдардың авторы өз пікірін өр жылдарда білдірген болатын.

Оқырман қауым бұл кітаптан Т. Үркімбаевтың өлеңмен өрілген өмірімен таныса алады.

*Тынышбек Дарабай,  
 ғалым-этнограф*

## ӨЛЕНДЕР МЕН ТОЛҒАУЛАР

### ҚАТАРЫМЫЗ ШЫНЫҚПАҚ

Ұлы науқан, ұлы іс –  
 Партияны тазалау.  
 Болмақ ұлы өзгеріс,  
 Бұл үйымды саралау.  
 Жаттарды қып аластау,  
 Соққы бере даралау...

Мұндай ұлы кезенде  
 Құрес керек, іс керек.  
 Партияға сапалы  
 Білім керек, күш керек.  
 Табансыз болса жалтақтап,  
 Басшылық қалай істелмек?

Сайлау міндет бұл жолы  
 Партияны сұрыптаң.  
 Надан менен жаттарды  
 Үсташа керек құрықтаң.  
 Арылту керек лайдан  
 Таза судай тұнықтаң.  
 Орындалса бұл міндет,  
 Қатарымыз шынықпақ.

1933 жыл

### САРЫ ДАЛА

Жаңа дала ертеде  
 Еді жансыз сары дала.  
 Аспан-жердің арасы  
 «Жын» ойнаған шаң дала.

Аштырмайтын көзіңді  
 «Қара албасты» бар дала.  
 Жаздырмайын бойынды  
 Күні сұық қар дала.  
 Ол кезде мен кім едім?  
 Ауыр жүктің астында  
 Көп жалшының бірі едім.  
 Көз ашып дүние көрсетті,  
 Бай қолында жүдедім.  
 Сөйтіп қор бол жүргенде,  
 Бір сәуле көзге жалт етті.  
 Электр шамын жаққандай  
 Жарық болды жан-жағым,  
 Күн шығып, таң атқандай.  
 Қараңғы тұман жоғалды  
 Қара жерге батқандай.  
 Есімді жиып көз аштым,  
 Айналам жайнап құлпырып,  
 Әлемге нұрын шашқандай.  
 Арықтатпай, өлтірмей  
 Малын жақсы күтеді.  
 Ә деуіңе келтірмей,  
 Малы жүзге жетеді.  
 Мал өсірген колхозшы  
 Тасжарғаннан үлгі алсын.  
 Екпінді болсын еңбегі,  
 Ел аузында жырланып...

## ТАСЖАРҒАНДА ТАБЫС БАР

Айтып-айтпай не керек,  
 Тасжарғанда табыс бар.  
 Өзгеден де өзгерек  
 Ұлы қарқын шабыс бар.

Алғашқы мал үлесте  
 Алып еді бір сиыр.  
 Қебайтуге кірісті,  
 Алтау болды ол биыл.

Будандай шықты төртеуі,  
Келер жылы он болмақ.  
Он сиырлы Тасжарған  
Бұл ауылда сол болмақ.

Бір құлынды байталы  
Мұнан басқа тағы бар.  
Арық деп кім айтады,  
Керегедей жалы бар.

Байтал мен бір сиырды  
Сатып алды жанынан.  
Еңбегіне сүйінді,  
Рахат көрді малынан.

Сары қымыз, сарымай  
Тасжарғанның үйінде.  
Жүрген жастан жарымай,  
Тұзеп алды күнінде.

Алтын сөуле нүрменен  
Сары дала жаңарды.  
Жайнатып жерді еңбекпен,  
Көшірді мәңгі тұманды.

Астына басып жасырған  
Жер байлығын шығарды.  
Ен байлықта іс істеп,  
Тарқаттым мен де құмарды.

## ӘКЕСІ ЕҢБЕКШІ ҚАЗАҚҚА

Қимылда, қалқам жетімек,  
Ойында бар не тілек?  
Баласың ғой білмейсің,  
Кеңестен жөрдем болмаса,  
Су түбіне кетіп ек.  
Менің әкем мал баққан  
Өмірі байға жалданып.

Жыл тәулікке екі ешкі деп алданып,  
 Қорлықпен күні өтіп ед,  
 Біреуге тілеп тілекті.  
 Күндіз-тұні дамыл жоқ,  
 Тастанай қолдан құректі.  
 Бейнетпен жасытып шер,  
 Қылып мұнды жүректі,  
 Талай қызмет етіп ед.  
 Болмағанда конфеске, кешегі жауыз  
 Құлпырып түбімізге жетіп ед.  
 Кеңеске де қол бермей,  
 Терімізді босқа жеп,  
 Заңға тәсіл етіп ед.  
 Туғаным деп жалпылдар,  
 Өтірік күліп барқылдал.  
 Кедейлерді алдауға  
 Өте маман жетік ед.  
 Мың раҳмет кеңеске,  
 Ақырына бір шықтық-ау,  
 Азары өбден өтіп ед.  
 Береке және кірді ғой,  
 Жүзі тайып көшірдің,  
 Ортамыздан кетіп ед.  
 Билеп-төстеп еріксіз,  
 Төбемізді тесіп ед.

Осыны айтып Қайранбай,  
 Істеуге жұмыс ептеді.  
 Жейдесі жоқ, жалаң қат,  
 Устінде жыртық шекпені.  
 Киіз қалпак, көн етік,  
 Қолында қара кетпені.  
 Аударып жатыр ақ шанды,  
 Бұлшық-бұлшық беттері.  
 Қимылда, балам, еңбек қыл,  
 Қара жер терінді  
 Кетпейді босқа жеп дейді.  
 Жасымнан етіп жалшылық,  
 Бүйірім шығып тоймадым,  
 Тіземе тоным жетпеді.

Рахаты болып бейнеттің  
 Ақыры босқа кетпейді.  
 Еңбектің күші болмаса,  
 Отыз қой мен бір атты  
 Бай беремін деп пе еді.  
 Анау тұрган ала айғыр,  
 «Мүшелігі» бар айғыр.  
 Арықтатып той болса,  
 Тартасың, балам, «көкпәрі».

Конфескеден мал алдық,  
 Кеңестен жәрдем және алдық.  
 Мөшине, сайман, соқаны  
 Несиеге тағы алдық.  
 Арқасында кеңестің  
 Тұрмысты түзеп жаңарадық.

Осынша байлық біздерге  
 Аз емес, балам, көп деді.  
 Өзінді-өзің билегін,  
 Бұрынғыдан қақпалап,  
 Қалмайды ешкім шеткери.  
 Биылғы талап оң болар,  
 Алғашқы сепкен бидайың  
 Өте жақсы көктеді.  
 Құріш те биыл бітеді,  
 Күмәны жоқ кедейлік  
 Адасып бізден кетеді.  
 Кенжелеп күні қалмасын,  
 Атызға суды толтырып,  
 Құрішінді сеп деді.  
 Егіске қалған аз-ақ күн,  
 Білінбей қалар өткені.

Қарияларда мақал бар,  
 «Еңбек қылсаң, емесің».  
 Бұрынғыдай құл емес,  
 Өзіңе-өзің төресің.  
 Байлық, бақыт еңбекте,  
 Еңбек кепіл бермекке  
 Күмәнданбай сенесің.

Қызықты күнің алдында,  
 Өмірің болса көрерсің.  
 Жаңалықты орнатып,  
 Ескілікті тепкілеп,  
 Терең қазып көмерсің.  
 Социал тұрмысқа кең қонып,  
 Соған жетіп қонуға  
 Көш үстінде келесің.  
 Жолында көп асқар бел,  
 Аса алмайтын құба жол.  
 Қайрат қылыш соларды  
 Еңбегіңмен женесің.  
 Талабың таудай қайтпаса,  
 Социализм жайлауға  
 Ертең-ақ барып енесің.  
 Ұқсан ұқтың, ұқпасаң,  
 Амалым бар ма, өйтеуір  
 Қайтарарсың, қаймықпа  
 Келешекте есесін.

## САТАННЫҢ САРЫ АТАНЫ

– Отынға түйе сұра! – деп,  
 Бермесе де сына! – деп,  
 Қоймағасын жолдасым,  
 Қарап едім түсіне,  
 Аяныш кірді түсіме,  
 Өзі буаз болғасын...  
 Сатаннан түйе сұрауға,  
 Айтқандай-ақ сынауға  
 Үйіне барып сұрадым:  
 – Бір түйе қамыс ала ғой,  
 Жетелеп жаяу бара ғой,  
 Теріс емес, шырағым!  
 – Бірақ бізде ерік жок,  
 Біз билеген көлік жок,  
 Бригаді біледі.  
 Қолдан-қолға сүйретіп,  
 Ет ала алмай күйленіп,

Өзі де өбден жүдеді... –  
 Деді де берді түйесін,  
 Разы етіп иесін.  
 Даңға шықсам жетелей;  
 Ноғайбайұлы бригад  
 Астында үлкен күрең ат,  
 Кездесе кетті ентелей:  
 – Түйе сізге тимейді,  
 Басқарма мұны билейді.  
 Мектепке қамыс тасымыз,  
 Екі болса жарлығым,  
 Құрысын менің жандығым,  
 Онда мұқап жасымыз. –  
 Жұрт естіп дауысты,  
 Онан-мұнан қауышты,  
 Билік көпке берілді.  
 – Бригаді, сен бере ғой,  
 Сонан соң-ақ көре ғой.  
 Бір өкелсін... – делінді...  
 Қамыска енді баруға,  
 Тез өкеліп алуға  
 Жетелеп ем, сүрінді.  
 Төрт аяғы қағысып,  
 Тірсектері шалысып,  
 Қажығаны білінді...  
 – Неге қатты журмейсің,  
 Неге жорта-желмейсің? –  
 Деп сұрадым түйеден.  
 – Не ғып қатты жүрейін,  
 Өлесі бол жүдедім.  
 Жаңағы залым бригад,  
 Сірө, бізге тегі жат,  
 Шығарды өбден ығырды.  
 Ауыр жүкті артқызып,  
 Желдіре қатты жортқызып,  
 Желбезегім жырылды.  
 Жазы ағашым солбырай,  
 Жазы қомшам жалбырай,  
 Арқа омыртқам ойылды.  
 Сауысқандар сақылдай,

Қарға біткен қақылдай,  
 Қанды іріңге тойынды.  
 Табаным қақ жарылып,  
 Кешке келсем жабығып,  
 Тойып жейтін шебі жок.  
 Құ қамысты салады,  
 Жеусіз жерде қалады,  
 Ішінде бір тал көгі жок.  
 Суық сорып қанымды,  
 Ашындырды жанымды,  
 Іс қынжа айналды.  
 Құтандай мойным қылқишип,  
 Төрт борбайым тылтишип,  
 Өлерлік-ақ жан қалды...  
 Менің немді тартасың,  
 Неме қамыс артасың? –  
 Деп атанша жабықты.  
 Көзден жасы шұбырып,  
 Бір сүрініп жығылып,  
 Әңгімесін сарықты...  
 Мына сөзден қорғанып,  
 Бес құшак қамыс зорға алыш,  
 Ауылға қайттым бесінде.  
 Кеңеске айтып бақтыру,  
 Үстіне жабу жаптыру  
 Келе жатыр есімде.  
 – Жұмсалмасын түйелер,  
 – Ерікті болсын иелер, –  
 Дедім келіп кеңеске.  
 Көтеріле түсіп кеңесім,  
 Керілдесіп өңешін,  
 Бұл да кірді егеске.  
 – Күні ертең жер айдаймыз,  
 Ат, өгізді байлаймыз.  
 Олар өте керек қой.  
 Түйе қосқа журмейді,  
 Соқа тарту білмейді,  
 Түйенің жөні бөлек қой... –  
 Деді маған үялмай,  
 Қүйіп-жандым тұра алмай,  
 Мұны айтқанда кеңесім

Сорақылық ұласып,  
 Бригадтан бұл асып,  
 Сөкті сөздің көбесін.  
 Бұл ауылда осындай  
 Пікіріме қосылмай,  
 Былтыр жиырма түйе өлді.  
 Өлмегені жауыр бол,  
 Күйлері өте ауыр бол,  
 Зорға ғана сүйелді.  
 Іңгенге бура қарамай,  
 Қайытуға жарамай,  
 Қысыр қалды бір іңген.  
 Өркендейтін жануар  
 Тек кеудеде жаны бар.  
 Небір асыл нар іңген  
 Биыл да сондай болатын,  
 Айырма жоқ оцатын,  
 Түйе тегіс жүдеулі.  
 Бай-құлақшы жалдантар,  
 Оған ерген аңқаулар,  
 Түйе өлуін тілейді.  
 Ерік бермей иеге,  
 Салқын көзбен қарау бар.  
 «Басқа көлік керек, – деп,  
 Түйенің жөні бөлек», – деп,  
 Қадырсыз малға санау бар.  
 Бригаді кеңестер,  
 Түйе керек еместер  
 Бұл ауылдан табылад.  
 Партия мен үкімет  
 Кіци салыш бір рет  
 Тексеріп көрсе не қылад?

«Социалды Қазақстан» газетінің редакциясынан: Үркімбай-ұлы жазып отырғаны – Қармақшы ауданы, 19-ауылдағы (кеңес ағасы Тәуілбайұлы) Мирзоян жолдас атындағы мал серіктігінің мүшесі Сатанның түйесі. Мал серіктігі мүшелерінің қолындағы жұмыс малына, серіктіктің басқармасы да, бригадирі де қожайындық ете алмайды. Бірақ Мирзоян серіктігінде бұл болмай отыр. Серіктік мүшесінің жеке меншігіндегі түйесін бригадир билеп, ол түйені соның «бұйрығымен» жұмысқа салады.

Үркімбайұлының «ерік кетті иеден» деп отырғаны осы. Қармақшының аудандық партия комитеті бұл фактіні тез тексеруі керек. Сонымен қатар ауданда түйе бағу, іңген қайыту жұмыстарының не күйде екенін тексеріп шығу керек, осы жөнінде не шара қолданғандығын «Социалды Қазақстан» редакциясына білдіруін талап етеміз.

1934 жыл

## САРЫ АТАН

Колхозшыға дем беріп.  
Екпінгे екпін жел беріп,  
Білгенімді айтып ем.  
Шабылыш жатқан арықты,  
Ашып жатқан халықты  
Жағалап кейін қайтып ем.

Келе жатқан бетімде,  
Жолдың бір жақ шетінде  
Бір топ түйе кез болды.  
Жапанда жалғыз өзіме,  
Түйе түсіп көзіме,  
Сөйлесуге сөз болды.

Жантактың басын сыпсырып,  
Бырт-бырт күйсеп жұлынып.  
Жатыр екен құнығып  
Боз кебірдің үстінде.  
(Есегімнен түстім де),  
Қарап тұрдым бұрылыш.

Қалай өтем қарамай,  
Өркештері баладай!  
Көзді тартыш алыш тұр.  
Шудалары салбырап,  
Үкідей жұні жалбырап,  
Гүл-гүл жайнап жаныш тұр.

Өркешке қом байланып,  
Сан еті сыртқа айналып,  
Шет жағында бір атан  
Екі өркештің арасы  
Мамықтай бар шамасы,  
Бәрінен семіз бұл атан!

Жеке баққан түйеде  
Мұндай түйе жоқ еді,  
Кай колхоздың малы екен?  
Қарап тұрып түйесін:  
– Жасасын! – деппін иесін.  
– Баққан қандай жан екен?!

Мәні-жайын білмекке,  
Анығырақ көрмекке  
Жақын бардым алдына.  
Оттап жүрген жерінен,  
Асап жатқан шебінен  
Көтеріп басын алды да:  
  
– Аман-есен жүрсіз бе,  
Танымай өлде тұрсыз ба?  
Мен былтырғы сары атан!  
Қармаққа шашшар етім жоқ,  
(Ел көретін бетім жоқ),  
Арқа-басы жара атан.

Сондағы мениң түрімді,  
Өлесі болған күйімді  
Газетке жазып бергенің.  
Тексере келген адам да  
Деп: «Мынаны қарапдар,  
Сары атан түр өлгелі...»

Әлі есімнен кеткен жоқ,  
(*Көп уақытта өткен жоқ*).  
Салақты қатаң сөккені.  
Төрт-бес кісі сотталып,  
Сол бойымен топтанып,  
Тұрмеге қарай кежені...

Қолдан-қолға сүйрелу,  
Иесін сырттан билену  
Сол күннен бастап құрыды!  
Түйенің бәрі ет алды,  
Қанат жайды ұрығы.

Сол қылмыстың арты екен,  
Газетке жазу шарт екен.  
Бір түйе де өлген жок.  
Ерікті боп иесі,  
Еркін оттар түйесі  
Ауыр азап көрген жок.

Түйенің барын жинатып,  
Көк шөп беріп сыйлатып.  
Үстіне жабу жаптырды.  
Кең жайылым далаға,  
Бір екпінді балаға  
Жаз шыққан соң бақтырды.

Қырға шыққан қырықтың,  
Түйеден қалған ұрықтың  
Он бір басы іңген ед.  
Олар да бұрын жаншылып,  
Арқасынан қан шығып,  
Көресісін көрген ед.

Анау жүрген қара нар,  
Анық байқап қарап ал,  
Асыл тұқым үлек ед.  
Түйеге бұрын жарамай,  
Жүдеуліктен қарамай,  
Семіруді тілеп ед.

Тілегені табылып,  
Сонан бері бағылып,  
Сегіз іңген қайытты.  
Мақтайсың ғой нарды деп,  
Үш іңген қысыр қалды деп,  
Ете көрме айышты...